

функция бииев становлении правовой культуры в казахской степи. В казахском юридическом дискурсе основная цель высказывания власти изучается как справедливое заключение и двустороннее примирение. В основу формирования казахского юридического дискурса легли обычаи ханских времен, степные законы - «Жасақ -отряд», Чингисхана, «Қасқа жол – прямой путь» Касым-хана, «Ескі жол - старый путь» Есим-хана и «Семь уставов», принятые в эпоху Тауке-хана. Понятия «Бітім», «Береке», «Салауат» в казахском юридическом дискурсе стали общественными основами справедливого заключения. В содержании казахского юридического дискурса преобладали правила, адаптированные к сохранению единства страны и человеческие качества.

Ключевые слова: казахский юридический дискурс, нормы обычаев, правовая культура, Степное право, биі, власть, суд бииев.

Материал поступил в редакцию журнала 16.08.2023

Formation of the Kazakh legal discourse

A.A. Bukayeva¹, G.O.Syzdykova²

¹Kokshetau University named after Sh.Ualikhanov, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

²L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, 010000, Republic of Kazakhstan

The article analyzes the sources that served as the basis for the formation of the Kazakh legal discourse. The norms of the customs of our people, which formed the basis for the formation of the Kazakh legal discourse, are considered. Their legal features are revealed from the point of view of moral norms. The role and function of biis in the formation of legal culture in the Kazakh steppe is determined. In the Kazakh legal discourse, the main purpose of the statement of power is studied as a fair conclusion and bilateral reconciliation. The formation of the Kazakh legal discourse was based on the customs of the times under Khan's rule, steppe laws - "Zhasak - detachment", Genghis Khan, "Kaska zhol – the straight path" of Kasym Khan, "Eski Zhol - the old way" of Yesim Khan and "Seven charters" adopted in the era of Tauke Khan. The concepts of "Bitim", "Bereke", "Salauat" in the Kazakh legal discourse have become the social foundations of a fair imprisonment. The article emphasizes that in the Kazakh legal discourse the rules adapted to the preservation of the unity of the country and human qualities dominate.

Key words: Kazakh legal discourse, norms of customs, legal culture, Steppe law, biі, power, biі court.

Received: 16.08.2023

МҒТАР 81'1:398.91

DOI: [10.59102/kufil/2023/iss3pp21-33](https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss3pp21-33)

М.А. Ермекбаева¹, К.К. Кенжалин¹

¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚ, ТҮРІК ЖӘНЕ МОНҒОЛ ТІЛДЕРІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ЛИНВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Мақалада қазақ, түрік және моңғол тілдеріндегі мақал-мәтелдер тілдік тұрғыдан талданды. Қазақ-түрік мақал-мәтелдерін зерделеу барысында генеалогиялық және типологиялық жағынан туыстығын сипаттайтын белгілері анықталды. Туыс тілдердің мақал-мәтелдерінің лексикалық құрамы, семантикасы мен синтаксистік құрылымы жағынан ортақ белгілері сараланды. Сонымен қатар, қазақ-моңғол мақалдары салғастыра

зерттеліп, лексикалық құрамы, семантикасы мен синтаксистік құрылымы зерттелді. Үш тілдің мақал-мәтелдері бір, екі тармақты болып, баяндауыштары бұйрық рай, болжалды келер шақ, шартты рай тұлғасы арқылы жасалатыны анықталды. Нақты тілдік деректер негізінде талданды. Екі тілдегі мақал-мәтелдердің семантикасы лингвомәдени түсініктеме ретінде қарастырылды. Қазақ-түрік және қазақ-моңғол мақал-мәтелдерінің ұқсастықтары мен ерекшеліктерін ашуда екі тілге ортақ, лексикалық құрамында өзгешелігі бар және лексикалық құрамы мен синтаксистік құрылымы өзгеше семантикасы сәйкес келетін мақал-мәтелдер анықталды.

Кілт сөздер: мақал-мәтел, паремия, лексикалық құрам, семантика, синтаксистік құрылым, тармақ, параллель

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Қазақ халқының түбі бір түрік халқы мен тарих пен мәдениет тұрғысынан жақын моңғол халықтарының жақындықтарын анықтау мақсатында аталған үш халықтың мақал-мәтелдері салыстыра зерттеледі. Сол арқылы тілдер арасындағы туыстық қатынас пен рухани үндестіктің қаншалықты сақталғанын анықталады. Мақал-мәтелдердің үш тілдегі орны мен қолданыс аясына назар аударылып, лексика-семантикалық бірліктердің қолданылуы мен мағыналық реңкі салыстырылады.

КІРІСПЕ

Тілдің паремиологиялық қорында ұлттың тарихы, шаруашылығы болмысты тану ерекшелігі көрініс табады. Мақал-мәтелдерді зерделеу арқылы кез келген тілдегі ұлттық нақышты, дүниенің тілдік бейнесінің ұлттық ерекшелігін анықтауға мүмкіндік береді. Қазақ тіл білімінде мақал-мәтелдерді зерттеуші ғалым Ә.Қайдар «Қазақ мақал-мәтелдерінің халықтың өткен өмірі мен бүгінгі болмысын танып білуде дүниетанымдық, логикалық, этнолингвистикалық жағынан мәні өте зор деп баға береді. Себебі, дүниеде, қоғамда, табиғатта қалыптасқан құбылыстардың бәріне мақал-мәтелдердің қатысы бар» деп баға береді [1, 223].

Қазақ тіл біліміндегі мақал-мәтелдердің зерттелуіне байланысты ғылыми еңбектерді зерделеу барысында оларды ел ішінен жинау, баспадан шығару және зерттеу ісінің екі кезеңнен тұратыны анықталды. Бірінші кезеңі – XIX ғасырдың екінші жартысы. Мақал-мәтелдердің кейбір үлгілерін ел арасынан алғаш жазып алған Ш.Уәлиханов болды. Ш.Уәлиханов пен Н.Н.Березин архивтерінде XIX ғасырдың 50-ші жылдарында ел аузынан жазып алынған екі жүзден аса мақал-мәтелдер сақталған. Қазақ мақал-мәтелдерін жинап, баспадан шығару және ғылыми тұрғыдан зерттелуіне үлес қосқан зерттеушілер В.Радлов, Ш.Ибрагимов, П.М.Мелиоранский, Ф.Плотников, В.В.Катаринский, Ә.Диваев, С.Садықов, М.Искаков т.б. болғаны белгілі. Осы материалдардың негізінде мақал-мәтелдер қазақ тілінде 1914 жылы алғаш рет Қазан қаласында, 1923 жылы Мәскеуде «Мың бір мақал», 1927 жылы Ташкентте «Қазақ мақалдары» (Құрастырушы А. Диваев), 1935 жылы Алматыда «Қазақтың мақалдары мен мәтелдері» (Ө. Тұрманжанов) жарық көрді. 1950 жылы басылып шыққан жинақта (Құрастырған және сөзбасын жазған Б.Ақмұқанова, редакциясын басқарған М. Ғабдуллин, С.Бегалин), Ө. Тұрманжанов (1957 жылы), С.Нұрышев (1959 жылы), М. Әлімбаев (1967 жылы), Б. Адамбаев құрастырған және басқа да жинақтар жарық көрді. Мақал-мәтелдерді зерттеудің алғашқы кезеңі халық қазынасын ел аузынан жинап, жеке басылым ретінде шығару жұмыстарымен ерекшеленетінін байқаймыз.

Кеңес дәуірінің мақал-мәтелдерді зерттеудің екінші кезеңі басталып, тілдік және әдеби тұрғыдан зерттеудің қалыптасуымен сипатталады. Осы кезеңде жарияланған монографиялық зерттеулер, оқулықтар мен ғылыми мақалалар қазақ мақал-мәтелдерінің ғылыми тұрғыдан зерттеліп, негізгі ерекшеліктерін көрсету, нысанға ғылыми сипаттама беруге бағытталған. М.Ғабдуллин өзінің «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» [2] деген еңбегінде мақал-мәтелдерді

тақырыбы жағынан топтастырып, қазақ халқының шаруашылығын, кәсібін, тұрмыс-тіршілігін сипаттайтын мақал-мәтелдерді саралап, болмысты тану ерекшелігі мен қоғамдық қызметін айқындаса, әдебиетші ғалым С.Н.Нұрышев оларды даму тарихы тұрғысынан қарастырады: «мақал-мәтелдерде замана шындықтарын танытарлық құдірет болуымен қатар, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың көрінісі бар» [3, 7]. Х.Досмұхамедұлы «Қазақтың мақал-мәтелдері ағыл-тегіл көптігімен және өткірлігімен ерекшеленеді. Ойды әдептемей, мақал-мәтелді араластырмай, ақыл-нақылды қоспай, күлтелемей сөйлейтін қазақ кем де кем болған десек, артық кетпеген болар едік. Азды-көпті шешен сөйлейтін кез келген қазақ өз сөзінде мақал-мәтелге жүгінуге тырысқан, билер мен ел ішіндегі ділмарлардың сөздері халықтық мақалдар мен мәтелдерге тұнып тұратын» [4, 183] – деп, жоғарыда айтылған ойды талдап-таратып, басқа халықтармен салыстырғанда, ерекше көзге түсетін қазақ табиғатына тән, танымал қасиетті атап көрсетеді.

Әр түрлі тілдердің паремиологиялық жүйесін салыстыра-салғастыра зерттеу жұмыстары да жүргізілгенін байқаймыз. Осы бағытта А.Нұрмахановтың зерттеуі түрлі тілдердегі мақал-мәтелдердің жалпы және өзіндік ерекшеліктерін саралайды, Э.Мұқышева қазақ және неміс тілдеріндегі мақал-мәтелдердің өзара ортақ және ерекше белгілерін, ұлттық, мәдени компоненттерін анықтайды. А.Донбаева қазақ және араб тілдеріндегі мақал-мәтелдердің жасалу жолдары, типологиялық әмбебап және бірегейлік сипаттары зерделенеді.

Қазақ ғалымдары мақал-мәтелдердің Орхон-Енесей жазба ескерткіштерінен бастау алатынын айтса («Бастыны еңкейтіп, тізеліні бүктірген», «Өлімнен ұят күшті»), ғалым Ғ.Тұрабаева өзінің «Түркі халықтарының мақал-мәтелдеріндегі ортақтық» мақаласында Орхон жазбаларында мақал-мәтелдердің өте аз кездесетінін, ал Макмұт Қашқаридың «Диуани-лұғат-ат-түрк» еңбегінде (Ташкент басылымында) 267 мақал мақал-мәтелдердің бар екенін көрсетеді [5, 181-189].

Мақал-мәтелдерді салыстыра-салғастыра зерттеулершілердің ішінде сүбелі еңбектерімен ерекшеленетін ғалым Г.Л. Пермяков. Ол мақал-мәтелдерді зерттеу тәжірибесін Азия, Африка елдерінің ертегілері мен аңыз әңгімелерін аударудан бастап, зерттеу нәтижелерін 1968 жылы «Избранные пословицы и поговорки народов Востока» деген еңбегінде жариялайды. Зерттеуші еңбегінде әр түрлі халықтардың мақал-мәтелдерінің негізі типтерінің ұқсастықтарын жан-жақты саралайды. Ғалымның кейінгі зерттеу еңбектеріндетүрлі тілдердегі мақал-мәтелдердің ішкі және сыртқы құрылымдарына тереңірек тоқталуға болатынын көрсетті. Ғалым бұл салада «От поговорки до сказки» (1970), «К вопросу о структуре паремиологического фонда», «Основы структурной паремиологии» (1988), т.б. еңбектер жазып, паремиология ғылымының дамуына зор үлес қосты [6, 7-8].

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Қазынасы бүлінбеген халық тілін оның ауыз әдебиетінен анықтай алатынымыз себепті бұл зерттеуде қазақ және түрік, монғол тілдеріндегі мақал-мәтелдерді құрылымдық жағынан салыстыра отырып қарастыру – аталған тілдердің тарихи байланысы қаншалықты сақталып отырғандығы айқындалады. Салыстыра зерттеу тілдердің ұлттық ерекшеліктері мен қасиетін тануға мүмкіндік береді. Бұл зерттеуде жинақтау, салыстыру, талдау әдістері қолданылып, қазақ, түрік, монғол мақал-мәтелдеріндегі әр халықтың тілдік ерекшеліктері сипатталады. Теориялық тұжырымдарды саралау үшін аталған 3 тілдегі мақал-мәтелдер негіз болды.

НӘТИЖЕЛЕР

Әр халықтың мақал-мәтелдері – сол халықтың болмысының айнасы. Мақал-мәтелдерде ұлттың ой-өрісі, тұрмыс-тіршілігі, наным-сенімі, салт-дәстүрі көрініс тапқан. Мақал-мәтел – белгілі бір халықтың ойының өткірлігін, арманының кеңдігін, сезімінің нәзіктігін көрсететін ең құнды үлгі. Дүние жүзіндегі көптеген халықтар қолданып жүрген мақал-мәтелдерді салыстыра отырып, бұл мақал-мәтелдердің көбінің бір-біріне ұқсас немесе өте жақын

екендігі байқалды. Мақал-мәтелдер жалпы адамзаттық құндылықтарды ғана емес, ұлтқа тән мәдени құндылықтарды да көрсетеді.

Қазақ, түрік, моңғол халықтарының географиялық орналасуы мен шаруашылығы, тұрмыс-салтындағы, рухани мәдениетіндегі, дүниетанымы мен ойлау, бейнелеу қабілетіндегі ұқсастық мақал-мәтелдердің семантикасы мен құрылымында да көрініс табады. Тілдік бірліктердің бір тілден екінші тілге ауысып, кірме сөздер ретінде танылуы сияқты мақал-мәтелдер де көршілес тілден екінші бір тілге ауысудасол тілгенегізделіп қабылдауы немесе дайын үлгі бойынша жасалуы заңды құбылыс. Мысалы, қазақ тіліндегі «*Балық басынан шіриді*» деген мақал туысқан түрік тілінде «*Balık bastan kokar*» деп ешбір өзгеріссіз беріледі. Лексикалық құрамы, семантикалық мазмұны мен синтаксисінің құрылымы бірдей. Ал, «*Anasına bak kızını al kenarına bak bezini al* (аудармасы Анасына қарап қызын ал, өлкесіне қарап матасын ал) деген мақалды алсақ, қазақ тілінде бұл мақал «*Анасына қарап қызын ал, аяғына қарап асын іш*» деген нұсқада кездеседі. Тіліміздегі бұл мақалдың екінші сыңарында ерекшелік қазақ халқы көшпенді, мал шаруашылығымен айналысқандықтан әрі ұлан қайыр жерімізде «қонақ» культіне ерекше мән бергендіктен дәм тарту, жолаушыға бөлінбеген еншісін беру салты барлығын ескерсек, бұл мақаланың құрамындағы ерекшелікті танимыз. Сондай-ақесте жоқ ерте заманда жерімізде мата өндірісінің жоқтығы негіз болып, болмысты тану ерекшелігінде көрініс тапқан. Мақалда қазақ тіліндегі баламасында *аяқ-ас* сөздері түрік тіліндегі *өлке – бөз* сөздерін алмастырғанын байқаймыз. Лексикалық құрамындағы ерекшелік, семантикасындағы ұқсастыққа нұқсан келтірмейді. Екі тілдегі мақалдың да баяндауыштары тұлғалас, етістіктің бұйрық рай тұлғасында жасалған.

Мақал құрамындағы лексикалық бірліктерінің бірінің ерекшелігін қазақ тіліндегі «*Tesik monşaq жерде қалмас*» мақалынан көреміз. Бұл мақал түрік тілінде «*Delikli taş yerde kalmaz* (Тесік тас жерде қалмас)» кездеседі. Мақалдың семантикасында еш айырмашылық жоқ. Табиғаттағы бар нәрсенің қажеттілігі болатыны, пайдасыз заттың жоқтығы, барлығының өз орны бар екендігі пайымдалып, адамға қатысты айтылғанда әркім өз теңін табатыны тұжырымдалады. Лексикалық құрамындағы өзгеріс «*моншақ*» сөзінің «*тас*» сөзімен ауыстырылуында. Алайда, барлық моншақтар түрлі минералдардан жасалатынын ескерсек, арасындағы метонимиялық қатынасты аңғарамыз. Синтаксистік құрылымы екі тілде бірдей, бір тармақты, баяндауышы болжалды келер шақ формасында жасалған.

Қазақ тілінде «*Дос – басқа қарайды, дұшпан аяққа қарайды*» деген мақал түрік тілінде де бар «*Dost başa bakar, düşman ayağa*». Екі тілдегі мақалдың да лексикалық құрамы бірдей, семантикасында еш өзгешелік жоқ. Жасалу үлгісі де бірдей. Компоненттеріндегі бастауыштары «дос – дұшпан» антонимдері арқылы жасалып, толықтауыштары «бас – аяқ» сөздерінің орналасу орнына қарай қарама-қарсылығына негізделіп, қайшылықты күшейте түседі. Баяндауыштары екі тілде де «қарайды» ауыспалы осы шақтың үшінші жағында жасалып, қайталау арқылы мақал семантикасының мәні арта түседі. Қазақ тілінде бірінші, түрік тіліндегі нұсқасының екінші тармағындағы баяндауышы үнемдеуге ұшыраған. Бұл құбылыс екі тілге де ортақ екендігін байқаймыз: *Дос – басқа, дұшпан аяққа қарайды*. Бұл мақал мазмұнын дұрыс түсінуге кедергі болмайды. Мақалда дос адам сөзінді тыңдап, ашық көңілімен хабарласатын болса, дұшпан адам бойыңнан мін іздеп, сынап тұратыны жайлы айтылған. Мақал тармақтарының дауыссыз дыбыстан басталуы дыбыстық үйлесімділікке негіз болады.

Мақал құрлысының ықшамдалу құбылысын «*Болар бала боғынан*» мақалынан да көреміз. Аз сөзбен көпті аңғарту – қазақ халқының сөз өнеріндегі өзіндік ерекшелігінің бір дәлелі. Мақалдың түрік тіліндегі нұсқасы толық – «*Adam olacak çocuk bokundan belli olur*». Мақалдың лексикалық құрамы екі тілге ортақ семантиканы толық жеткізеді. Қазақ тіліндегі мақалдың синтаксистік құрлысындағы өзгешелік, «белгілі болар» күрделі етістігі үнемдеу заңдылығына ұшыраған. Дегенмен, бұл ерекшелік мақалдың мәнін түсінуге кедергі болмайды. Мақалдың семантикасы екі тілде де бірдей. Жақсы адам болатын баланың әр ісі ұқыпты, ұсақ-түйегіне дейін жауапкершілігі сезіліп тұратыны айтылған. Жақсы болып өсер бала кішкене күнінен байқалатыны «бок» дисфемизмі арқылы берілген. Қазақ тілінде ұсақ-

түйекті әңгіме қылма, не болса соны айтпа дегенді, «боқ жеме» дейді, демек, «боқ»сөзі метафораланып, мақалда «ұсақ-түйек» деген мәнде, ауыспалы мағынада жұмсалған. Ал, мақал құрамындағы әр сөздің дауыссыз «б» дыбысынан басталуы дыбыстық үйлесімділікке негіз болады.

Қазақ тіліндегі «*Адамның жақсысы іс басында танылар*» деген мақал түрік тілінде «*Adamın iyisi iş başında belli olur*». Екі тілдегі мақалдың семантикасы бірдей. Кез келген істің басында жақсы адамның жүретіні, елге қызмет етіп, халықтың тұрмысын көркейтетін жақсы адамдарға қатысты айтылған сөз. Екі тілде де бір тармақты, жайылма, жай сөйлемнен жасалған, лексикалық құрамы ортақ, синтаксистік құрлысы да бірдей.

Қазақ тіліндегі «*Күлме досқа, келер басқа*» мақалы түрік тілінде «*Gülme komşuna – Gelir başına*» («*Күлме көршіңе келер басыңа*») деген нұсқада кездеседі. Мақалдың лексикалық құрамында ерекшелік бар. Қазақ тіліндегі «*дос*» сөзі түрік тілінде «*көрші*» сөзімен ауысқанын байқаймыз. Бұл мақалда қазақ менталитеті үшін «*дос*» ұғымы құндырақ. Себебі көшпелі қазақ халқы үшін «*дос*» ұғымының мәні ерекше. Сондықтан қазақ қоғамында досты құрметтеу, оны ерекше бағалау қазақ болмысына құнды болса, түрік халқы үшін «*көрші*» ұғымы құндырақ. Мақалда жақының тап болған жағдайға өзің де түсу мүмкіндігі айтылып, біреуге күлу, әсіресе жақсы араласатын адамыңа күлуге болмайтыны пайымдалады. Мақалдың синтаксистік құрылымында екі тілге де ортақ ерекшелік бар. Яғни, сөйлем мүшелерінің орын тәртібі өзгерген. Мұндай құбылыс поэзия тіліне тән, мақалдарда ұйқас үйлесімділігі үшін сөздердің қалыпты орын тәртібі өзгеретіні байқалады. Тармақтарының баяндауыштары да бұйрық рай және болжалды келер шақ формасында жасалған. Бұл мақал мазмұнындағы ойды тереңдете түседі.

Қазақ және түрік тілдеріндегі тілдік деректерді саралау барысында бірқатар мақалдардың ешбір өзгерісі жоқ, екі тілге ортақтығын байқадық. «*Жыламаған балаға емшек жоқ*» деген мақалдың түрік тілінде «*Aglamayan cocuğa meme vermezler*» деген нұсқасы бар. Екі тілдегі мақалдың да семантикасы бірдей, лексикалық сәйкестігі толық. Бір тармақты бұл мақалдың екі тілдегі нұсқаларының баяндауыштарының грамматикалық формаларында ерекшелік болғанмен (қазақ тілінде күрделі баяндауыш зат есім+модаль сөз үлгісіндегі жасалса, түрік тілінде болжалды келер шақтың болымсыз түрінде жасалған), болымсыздық мәнді жеткізіп тұр. Болымсыздық мән морфологиялық және синтаксистік тәсіл арқылы берілген. Мақалда ойынды сыртқа шығармасаң, қажеттілігіңді айтпасаң, басқалар сенің ішіндегіні қайдан білсін деген ой жинақталған.

«*Аш тауықтың түсіне тары кіпер*» бір тармақты мақалы түрік тілінде «*Aç tavuk düşünde darı görür*» түрінде кездеседі. Екі тілде семантикасы мен лексикалық құрамы бірдей. Баяндауыштары да болжалды келер шақ формасында жасалған. Әр адам өз қажеттілігін іздейтіні, сол ойынан да, түсінен де кетпейтіні сөз болып, адам өмірінде қолында жоғы, зәрулігі тұрмыста бірінші кезекте тұратыны тұжырымдайды.

«*Қырық жыл қырғын болса да ажалы келген өледі*» деген мақал түрік тілінде «*Kırk yılda bir ölet olur eceli gelen ölüür*» түрінде сақталған. Бұл мақалдың екі тілде де семантикасы мен лексикалық құрамы бірдей. Екі тармақты мақалдың синтаксистік құрлысы да бірдей. Мақалда тағдыр, пешене ұғымы бейнеленіп, әр нәрсенің өз реті мен кезегі болатыны пайымдалған.

Қазақ-түрік мақал-мәтелдерін зерделеу барысында сөздік құрамы толықтай өзгеше нұсқаларды байқаймыз. Алайда бұл мақалдардың семантикасы ортақ. Қазақ тіліндегі «*Өтірікшінің шын сөзі де зая*» деген мақалдың түрік тіліндегі баламасы «*Yalancının evi yanmış kimse inanmamış*». Қазақ тіліндегі аудармасы: Өтірікшінің үйі өртенсе ешкім сенбес. Түбі бір екі халықтың дадүниетанымында «шындық» ұғымының мәні ерекше. Сондықтан «тыңдаушысын таппаған сөз жетім» деп танитын қазақ қоғамында жалған сөз, өтірік сөйлеудің өкінішін терең пайымдап, шындық – зая, желге ұшқан сөз, ал түрік тіліндегі баламасында шын сөз – үй өртенумен параллель беріледі. Отырықшы түрік қоғамында шындық – үй, баспана ұғымымен берілсе, қазақ тіліндегі нұсқаның мәні терең көркем сөзбен өрнектелген. Мақалдың синтаксистік құрылымы екі тілде өзгеше. Қазақ тілінде бір

тармақты, жай сөйлем түрінде, ал түрік тілінде құрмалас сөйлем түрінде жасалған. Қазақ тілінде – шын сөз (шындық), ол түрік тілінде – үйі (болмыс нысандары) мақалдың бастауышы болса, екі тілде анықтауыш ортақ – өтірікші ілік септік формасында, баяндауышы қазақ тілінде – зая (құр, босқа) үстеу, түрік тілінде бірінші сыңарының баяндауышы шартты рай тұлғасындағы етістік (өртенсе), екінші сыңары – болжалды келер шақ тұлғасындағы етістіктен (сенбес) жасалған.

Қазақ тіліндегі «*Қарға қарғаның көзін шұқымас*» мақалының түрік тіліндегі баламасы «*Kurt komşusun yemez*». Мақалдың қазақша аудармасы: Қасқыр көршісін жемес. Екі мақалдың лексикалық құрамын зерделейтін болсақ, сөйлемнің бастауышы (субъектісі) – қарға, қасқыр сөздері. Тарихқа үңілсек, бөрі (қасқыр) түркі халықтарының киесі, тотемі болған, ал Азияның солтүстік-шығысында мекендейтін көшпелі халықтардың тотемі – қарға. Ғұндардың көне аңызында да жапанда жалғыз қалған Үйсін күнбиінің баласын қасқыр емізіп асыраса, нәрестеге ет таситыны қарғалар екені айтылады. Әрине, бұл ұлт болып қалыптасуға дейін болған көне дүниетаным көрінісі, бүгінде тек тілде, мақал-мәтел құрамында сақталып қалғанын байқаймыз. Қасқыр мен қарғаның топталып тіршілік етуі, белгілі бір іске жұмыла кірісетіні қандас халықтардың дүниетанымында татулық пен бірліктің символы ретінде танылады. Көнеден жеткен бабалар қазынасында бір туғандардың арасында жамандықтың болмайтыны тұжырымдалады. Мақалдардың синтаксистік құрамы бірдей: бір тармақты, жай сөйлем. Баяндауыштары тұлғалас, болжалды келер шақтың болымсыз тұлғасында жасалған.

«*Мал аласы сыртында, адам аласы ішінде*» деген мақал «*Adam alası içinde, hayvanın alası dışında*» нұсқасында түрік тілінде де кездеседі. Екі тілдегі нұсқаларының лексикалық құрамына назар аударсақ, қазақ тілінде мал, түрік тілінде хайуан сөздері қолданылады. Қазақ тіліндегі нұсқасында ата кәсіп, мал шаруашылығы, назарда болып, «мал» лексемасы жұмсалған. Мал – төрт түліктің бәрін қамтитын жалпы атау. Мақалдың құрамындағы «ала» сөзінің қолдануында да терең мән бар. Оны түсіну үшін қазақ халқының дүниетанымына назар аударған жөн. Қазақ халқы мал аласын жақтырмаған, табыншылардың байқауынша, ала түсті жылқылар асау, тістегіш, төбелескіш. Сондықтан ала түсті жылқыларды табында ұстамаған. Сондықтан малдың тұқымын бүлдіретін сипат бірден көзге түседі, халық ала түлікті малданбаған. Ал, түрік халқы «хайуан» сөзін қолданып, барлық жануарларды атайды. Мақалдың екінші тармағында малға параллельдама сөзінің алынуы ұғым қарама-қарсылығына негізделіп, адам қасиеті, достығы мен қастығы, жақсылығы мен жауыздығы көзге түспейтіндігі, оның сыртқа түр-тұлғасынан, бітім-болмысынан емес, тек ішкі жан дүниесінен ғана білуге болатыны түспалдап берілген. Мұндағы «адам аласы – ішінде» деген ұғымды кейде қарапайым мағынада түсінеміз, кең мағынада «адамның жан дүниесі» деген танымды білдіреді. Ал, осы мақалды ғылыми тұрғыдан саралайтын болсақ, ол белгілі бір ұлттың ментальділігімен астасып жатады. Ол белгілі бір мәдени ортада өмір сүретін, дүниені өзінше қабылдайтын, өзіндік ойлау жүйесі бар, өмірлік құндылықтары қалыптасқан, тұрмыстық және әлеуметтік мінез-құлқы орныққан адамдардың жиынтық сипаттамасы. Мақалдың семантикасы екі тілде бірдей. Синтаксистік құрлысы екі тармақты, салалас құрмалас сөйлем. Мақал компоненттерде *мал аласы – адам аласы* параллелі екі бастауыш қызметінде жұмсалған. Күрделі бастауыштың құрамындағы «ала» сөзі тура және ауыспалы мағынада жұмсалған. Адам аласы деген тіркестегі *ала* сөзі метафораланып, ішкі жан дүниесі деген мәнде қолданылады. Баяндауыштары *іші, сырты* деген көмекші есімдердің жатыс септігі тұлғасында жасалған.

Қазақ және түрік тілдеріндегі талдау нысаны ретінде алынған мақал-мәтелдері салыстыра зерттеліп, мақалдардың лексикалық құрамы, семантикасы, синтаксистік құрылымы қарастырылды. Зерттеу барысында анықталған ортақ белгілер – екі тілдің туыстығымен түсіндіріледі. Кейбір мақал-мәтелдердің лексикалық құрамындағы ерекшеліктер халықтың тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығындағы мен дүниетаным өзгешеліктерінен туады.

Келесі кезекте генеалогиялық және типологиялық жағынан қазақ тілінен өзгеше тіл – моңғол тіліндегі мақал-мәтелдерді қазақ мақал-мәтелдерімен салғастыра қарастырып көреміз. Зерттеу нысаны ретінде моңғол тілдерінің мақал-мәтелдерін алуымыздың себебі – қазақ және моңғол халықтары ғасырлар бойы қатар өмір сүрген, шаруашылығы ортақ, көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын халықтар. Бұл екі халық тілінде кездесетін тілдік деректердің өзіндік ерекшеліктері мен ортақ белгілерін анықтауда негіз болар жағдай екендігін ашу да бізді қызықтырады.

Қазақ тіліндегі «*Адамның жақсысы нағашыдан, үйдің жақсысы ағашынан*» деген мақалда мағыналық жүк «*нағашы*» сөзімен берілген. Нағашы – туыстық атау. Ана жағынан туысқандарын қазақ халқы «нағашы» деп атайды. Ауызша тараған фольклор жанры екенін ескерсек, мақал құрылымы үнемдеуге ұшыраған. Сөйлем құрылымындағы «болады» түсірілген, алайда мақал мәтінінің коммуникативтік қызметі оны жоқтатпайды, баяндауышы шығыс септігінен жасалып, оның грамматикалық мағынасы арқылы беріледі. Екі тармақты мақалдың баяндауыштарының жасалу формасы бірдей. Бастауыштары күрделі – «адамның жақсысы, үйдің жақсысы» түрінде зат есім + ілік септік, заттанған сын есім + тәуелдік жалғау тұлғасында жасалған. *Адам мен үй, нағашы мен ағаш* сөздері параллель алынып, салыстырылып, алғашқысы «өскен орта» мәнінде, екіншісі «негіз» мәнінде жұмсалған. Қазақ дүниетанымында бала тәрбиесіндегі ананың орны ерекше, болашақ ана тәрбиеленген ортасы да ерекше назарда болады. Сондықтан ұрпағы жақсы болуын көздеген халқымыз келін таңдарда тегіне қарап алған, «көргенді жер» деп таңдаған. Мақалда қолданылған «нағашы» сөзі «өскен ортасы» дегенді білдіреді. Қазақ тілінде бұл мақалмен мазмұндас «*Ел болам десең – бесігіңді түзе*» деген мақалда да өсер ұрпаққа, оның тәрбиесіне ерекше назар аударылған. Мақалдағы «бесік» – өсер жері, тәрбиеленетін ортасы мағынасында жұмсалған. Осы мақалдың моңғол тіліндегі баламасы «*Хүний уг нагац, модны уг үндэс*» түрінде кездеседі. Екі тілдегі мақалды салғастыра қарайтын болсақ, алғашқы компоненті бірдей. Семантикасы мен лексикалық құрамы да ортақ. Ал «нағашы» мен «нагац» сөздерін зерделейтін болсақ, екі тілге ортақтығын байқаймыз. Моңғол тіліндегі екінші компонентінде лексикалық құрамында ерекшелік байқалады: «ағаштың негізі діңіне қатысты» деп алынған. Осы мақалдың қазақ тіліндегі баламасында талданған «негіз» мағынасы моңғол тіліндегі мақалдың екінші компонентінде ашылған: ағаш негізі – дің. Демек, екі тілдегі семантикасы ортақ, синтаксистік құрамы екі тармақты мақал.

Қазақ тіліндегі «*Адамның көнесі, киімнің жаңасы жақсы*» деген мақалда «көне» сөзі ауыспалы мағынада қолданылған. Мақалда көпті көрген, дана мәнінде жұмсалған. Бұл мағына қазақ тілінде «көнекөз» сөзінде де сақталған, дана адам мәнінде жұмсалады. Мақалда дана адам қиыншылықта ақыл-кеңес беріп, тәжірибесімен бөлісетіні тұспалдап берілген. Дана халқымыз «қарт адам – қазына» деп тегін айтпаған. Мақалда адам – киім, көне – жаңа сөздері параллель берілген. Адам мен киім сөздері салыстыра қолдану, мақалдарда дәстүрлі құрылым. Мысалы: «*Таныған жерде бас сыйлы, танымаған жерде тон сыйлы*». Осы мақалда қолданылған «бас» сөзін алайық, ауыспалы мағынада қолданылып, адам мәнінде жұмсалған. Ауыспалы мағына синекдоха тәсілі арқылы жасалған, яғни, бүтіннің орнына бөлшек қолданылған. Ал, «тон» сөзін алсақ, түркі тілінде «киім» деген жалпы мағынада жұмсалған. Бүгінде мағыналық өрісі тарылған. Мақал құрылымы – екі тармақты. Алғашқы сыңарындағы «жақсы» сөзі түсіріліп, екінші сыңардағы ортақ баяндауыш арқылы жасалған. Осы мақалдың моңғол тіліндегі баламасы: «*Хүний хуучин нь, дээлийн шинэ нь*». Моңғол тіліндегі баламасы мен қазақ тіліндегі баламасының лексикалық құрамы мен семантикалық мазмұны бірдей. Синтаксистік құрылымы да ортақ. Ерекшелігі моңғол тіліндегі нұсқасында екі тармағында да баяндауыш қызметінде жұмсалған «жақсы» сөзі сақталған.

Қазақ тіліндегі «Өзгенің қолымен от көсеу» мақалын моңғол тіліндегі «*Хүний гараар могой бариулдах*» баламасымен салыстырсақ, лексикалық құрамындағы ерекшелікті байқаймыз. Қазақ тіліне «Кісі қолымен жылан ұстату» деп сөзбе-сөз аударуға болады. Лексикалық құрамындағы өзгенің қолы, кісі қолы – ортақ мағынаны білдірсе, ал *жылан* мен *от* мақалдың лексикалық құрамындағы ерекшелік болып отыр. Осы сөздердің мағынасын

салыстырсақ, екі тілде де қауіп-қатер деген ортақ мағыналық бөлшегімен ерекшеленеді. Қазақ халқында «От – тілсіз жау» деген мақал бар. Осы мақалдарды салыстыра келе, «от» қазақ дүниетанымында жаулық, жамандық символы болса, осы мән моңғол тіліндегі нұсқасында «жылан» сөзі арқылы беріледі. Моңғол халқы үшін «жылан» жаулық, жамандық символы болады екен. Екі тілде де жамандықты, қауіпті істі біреу арқылы іске асыру, өзгені айдап салып, өзі көлеңкеде қалу деген мәнде жұмсалады. Екі тілде де жақсыз, бір тармақты сөйлем құрлысы арқылы жасалып, ауыспалы мәнде жұмсалған.

Қазақ тіліндегі «*Не ексең, соны орасың*» мақалының моңғол тілінде «*Хавар таривал, намар хураана*» баламасы бар. Қазақ тіліне «Көктемде ексең, күзде орасың» деп сөзбе-сөз аударуға болады. Мақалдың семантикасы екі тілде бірдей. Бұл мақалды тура мағынада да ауыспалы мағынада да пайымдауға болады. Тура мағынасында түсінер болсақ, тұқымы жақсы болса, жақсы өнім береді, ал тұқымы нашар болса, шықпай қалуы мүмкін. Немесе бидай ексең бидай шығады, тары ексең, бидайды күтпе деген сөз астары да бар. Осы мақалды адамға қатысты талдайтын болсақ, баланы жақсылыққа баулып, дұрыс тәрбиелейтін болсақ, бала тәрбиелі, адамгершілігі бар, жақсы адам болады. Өзі көрген бар жақсылықты ата-анасына жасайтыны тұспалдап беріледі. Бұл мақалды одан әрі саралайтын болсақ, орыс халқында да баламасы бар: «*Что посеешь, то и пожнешь*». Бұл мақал да адам өзінің болашағын өзінің іс-әрекеті арқылы қалыптастыратыны айтылады. Демек, талдау нысаны болып отырған бұл орыс, қазақ, моңғол халықтарына ортақтығына көз жеткізіп отырмыз. Үш тілде де мағынасы бірдей. Сөздік құрамы орыс және қазақ тілдерінде бірдей. Ал, моңғол тіліндегі нұсқасы өзгешелеу. Мұнда көктем және күз жылмезгілдерінің атауы болған зат есімдер орыс және қазақ тілдеріндегі есімдіктердің орнында жұмсалған. Сөздік құрамы түрліше болғанымен мәні бір. Есімдіктердің есім сөздерінің орнына жұмсалатын сөздер екендігін ескерсек, өзгешелігі жоқ деуге де болады. Үш тілде де баяндауыштары шартты райдың екінші жағында жасалған, грамматикалық құрлысы бірдей, екі тармақты. Осы мақалдан туындайтын тағы бір өзекті мәселеге тоқталып кетуді жөн деп санаймыз. Ол – мақалдың қай халықта туып, қай халыққа ауысқаны. Біздің ойымызша, бұл мақал егіншілік кәсібімен ертеден айналысқан халыққа тән мақал. Демек, орыс тілінде алғаш қалыптасып, қазақ тіліне енген. Орыс тілінен тікелей қазақ тіліне енген деуіміздің себебі, сөздік құрамы мен жасалу үлгісі бірдей. Ал, моңғол тілінде трансформацияланғанда сәл ерекшелікпен ауысқанын байқаймыз.

Қазақ тіліндегі «*Қызғанғаны қызыл итке жем болар*» мақалының моңғол тіліндегі баламасы «*Харамласан юм харнохой ч идэши*». Мақалдың екі тілдегі нұсқасының лексикалық құрамы бірдей. Мақалдың мағынасын зерделейтін болсақ, басқалардан да өзіңнен де қызғанып отырғаның иттің аузында кетті деген мазмұнды жеткізеді. Иттің аузында кету – арамдау. Арамды халқымыз жаратпаған. Мақалдың астарына үңілетін болсақ, бұйырмайды, жай кетеді, жоқ болады дегенді жеткізеді. Қазақ тілінде «ит» жағымды және жағымсыз экспрессиясымен ерекшеленеді. Бұл мақалда жағымсыз мәнде жұмсалып, «жау, қас» дегенді білдіреді. Ал, осы мақалдағы «қызыл» сөзі арқылы берілген эпитетке назар аударсақ, қазақ халқы қызыл көз пәле, қызыл тіл деп қолданады. Қызыл көз пәле – жамандық болса, қызыл тілді де «басқа пәле тілден» деп, пәлеге ұрындырушы ретінде пайымдайды. Халқымыз – жомарт, қонақжай. Сондықтан қызғану, қору әдеті біздің халқымызға жат. Оны талдап отырған мақалымыздың мәні де қуаттай түседі. Екі тілде де мақал құрылымы бір тармақты, жайылма жай сөйлем арқылы жасалған. Баяндауышы болжалды келер шақ тұлғасында берілген.

Қазақ тіліндегі «*Аузымен орақ ору, қолымен қосаяқ соға алмау*» мақалының моңғол тіліндегі баламасы «*Хийхэ дхэцүү, хэлэхэд амархан*». Қазақ тіліне сөзбе-сөз аударсақ, «Істегенге қол ауырар, айтқанға ауыз ауырмас». Қазақ тілінде мақалдың бірінші тармағының синонимдері бар: ауызбен айды алу, жел өкпе, кеппе кеуде, көбік өкпе, көнектей болу, күбідей ісіну, қызыл сөзден бал жағу және т.б. Бос сөзге үйір, шаруаға қыры жоқ адам туралы айтылған. Осы мақалдың құрамындағы «орақ ору» тіркесін талдайтын болсақ, қолдан өсірілген егінді орақпен орып, жинау. Қажырлы күш пен уақытты қажет ететін қиын жұмыс.

Ол екінші сыңарында «қосаяқ соға алмау» қолымен оңай жұмысты да істей алмау дегенді білдіреді. Оңай жұмыс – қосаяқ сөзімен баламаланады. Қосаяқ – тышқан тектес, кішкентай кеміргіш аң. Шөлді, жазық жерлерді мекендейді. Аулауы оңай. Мақалдың мағынасы сөзбен бар шаруаны тындыратын, жалқау адамға қатысты айтылады. Моңғол тіліндегі нұсқасында мағынасы бір болғанмен лексикалық құрамында ерекшелік бар. Мақал құрамында «айту», «істеу» қимыл атаулары болжалды келер шақ тұлғасында болымды-болымсыз түрде қолданылып, баяндауыштың қызметінде қолданылып, ал бастауыштары қол және ауыз зат есімдері арқылы жасалады да қиын, жеңіл деген мәнді жеткізеді: істеу қиын, айту оңай. Екі тілдегі мақалдың сөздік құрамында ерекшелігі болғанмен, семантикасы мағыналас. Синтаксистік құрылымы екі тармақты, баяндауыштарының грамматикалық тұлғаларында ерекшелік бар. Қазақ тілінде тұйық етістіктің болымды-болымсыз формасында болса, моңғол тілінде болжалды келер шақтың болымды-болымсыз формасында жасалған.

Қазақ тіліндегі «*Ел ағасыз болмас, Тон жағасыз болмас*» мақалының моңғол тіліндегі баламасы «*Хүн ахтай, дәэл захтай*». Қазақ тіліне сөзбе-сөз аударсақ, «Адам ағасыз болмас, тон жағасыз болмас». Қазақ тіліндегі мақалдың нұсқасында аға сөзі басшы, жетекші мәнінде жұмсалған. Қазақ тілінде аға сөзі – көпмағыналы сөз. Осы сөздің мағыналарын саралай келе, оның төрт түрлі мағынасы анықталды:

1. *Аға* – орта ғасырдағы түркі мемлекеттеріндегі әскери атақ. 15-17 ғасырларда Түркия янычарлар корпусының қолбасшылары аға деп аталған. Ауыз әдебиетінің деректері мұндай қолбасшылық дәреже осы кезде қалыптасқан Ноғайлы Ордасында, Қырым хандығында, Қазақ хандығында да болғанын көрсетеді. Қазақ тілінде «қол ағалық» сөз тіркесі *аға* сөзінің әскербасы мағынасын көрсетеді. Биік әскери дәрежені көрсететін аға сөзі шығыста хан сарайларындағы «есік ағасы», «есік ағасыбасы», «шора ағасы» дәрежелерінде де сақталған. Өзінің толғауында айтылғандай Доспамбет жырау аға дәрежесіндегі әскербасы болған. Аға дәрежесі әмір, бек дәрежесімен тең болғанға ұқсайды.

2. Кейін аға сөзі жалпы басшы, жетекші, ақылшы мағынасында қолданыла бастады.

3. Адамның жас жағынан үлкен бауыры, ер адам. Кез келген жасы үлкен ақылшы, жетекші ер адамдарды да аға деп атайды.

4. Қызмет, шен, лауазым дәрежесін көрсететін ұғым (аға лейтенант, аға ғылыми қызметкер, аға сұлтан т. б.) [8].

Аға – бірге туған, туысқан ер адам. Демек, қазақ тіліндегі мақалда «аға» сөзі ауыспалы басшы мағынасында қолданылған. Оны ел сөзімен тіркесуі де нақтылай түседі. Ал, салғастырып отырған тілдегі нұсқасындағы «аға» сөзі жасы үлкен ақылшы, жетекші ер адам мағынасында жұмсалады. Ер адамның адам болып қалыптасуына жасы үлкен ақылшы адамның қатысуы басты назарда болған. Қазақ тіліндегі «аға» сөзінің мағыналық өрісі кеңірек. Себебі, қазақ тіліндегі нұсқасында «аға» сөзі «ел» сөзімен тіркесіп, адамдардың қауымдастығы, мемлекет ұғымын білдірсе, моңғол тілінде «адам» сөзімен тіркесіп, адамның жас жағынан үлкен бауыры, ер адам, ақылшысы мәнінде жұмсалған. Мақалдың екінші тармағы екі тілде бірдей. Баяндауыштары болжалды келер шақтың болымсыз формасында (*ағасыз болмас, жағасыз болмас*) жасалған. Синтаксистік құрылымы бірдей.

Қазақ тіліндегі «*Жүрген аяққа жөргем ілінер*» деген мақалының моңғол тіліндегі баламасы «*Хөлөө явж хөлсөө авах*». Осы мақалдың мағынасын түсіну үшін құрамындағы «жөргем» сөзін талдап көрелік. Жөргем – тағам атауы. Мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқының ұлттық тағамдарының бірі. Малдың ащы ішегі мен тоқ ішегінен өріп жасалады. Қазанға салып асуға қолайлы болу үшін ішектерді өткермелеп өреді. Ащы ішек жіңішке, әрі өте ұзын болатындықтан, оны тоқ ішек секілді жалаңқабат өре салмай бірнеше еселеп шумақтайды да, одан соң әлгі шумақтың белінен айналдыра шаншып орап, ішектің ұшын бекітеді. Жөргемді асуға да, турап қуыруға да болады, табаққа салынбайды [8, 49]. Демек, мақал тұспалдап, бір орнында отырмай, қимылдап, жұмыс істеген адам аш қалмайды деген ойды жеткізеді. «*Қолы қимылдағанның аузы қимылдайды*» деген мақалмен мағыналас. Екі тілдегі сөздік құрамы бірдей, семантикасы мағыналас, синтаксистік құрылымы ортақ. Баяндауышы болжалды келер шақтың болымсыз формасында жасалған.

Тіліміздегі «*Пышағы бар сүйгенін жер, пышағы жоқ тигенін жер*» мақалының моңғол тіліндегі баламасы «*Хутгаа билүүдсэн хүн мах иднэ, Хэлээ билүүдсэн хүн ташуур иднэ*». Пышақ – кесуге, тілуге арналған өткір жүзді қару. Ол кесетін жүз бен саптан тұрады. Жүзі кейде бір жағынан, кейде екі жағынан қайралады. Көшпелі қоғамда әр ер адамның ажырамас қаруы пышақ болған. Мал шаруашылығымен айналысып, негізгі тамағы мал өнімдері болғандықтан қазақ, моңғол халықтары етке аса мән берген. Ет турау дәстүрі – соның айғағы. Етті пышақпен турайды. Мақалдың мәні *пышақ* сөзімен астарласып, қолында құралы бар адам, өз көңіліндегісін алады, ойын жүзеге асырады деген ойды жеткізеді. Осы мақалдың субъектісі – пышағы бар және пышағы жоқ адам. Қазақ тіліндегі мақал екі тармақты, адам сөзі үнемделіп, *бар* – *жоқ* модаль сөздері заттанған. Мақал мазмұнында *сүйгені* – *тигені* сөздері бір-бірімен салыстырылып, мақал мәні ашылады. Адам мүмкіндігінің шектеулі болатынын да меңзейді. Моңғол тіліндегі нұсқасы бір тармақты – «пышағы бар адам сүйгенін жер» түрінде берілген. Салғастырылып отырған тілде адам сөзі бастауыш қызметінде жұмсалған.

Халқымыздың «*Ебін тапқан екі асар*» деген мақалының моңғол тіліндегі баламасы «*Хонжоогийн хойд дээр хоёр хүн сундалаатай*». Екі тілдегі мақалдың мағынасы бірдей. Екі халықтың дүниетанымыда әр нәрсенің өз амалы болатыны, әр істің бір шешімі болатынын пайымдайды. Қазақ тілінде «*Қалауын тапсаң, қар жанар*» мақалымен синонимдес. Ебін табу амалын табу, шаруаның көзін табу, істі жүзеге асыру дегенді білдіреді. Мақалда іскер адам, шаруаның қырын білетін еңбекқор адам дәріптеліп, оның табатын пайдасы да сөз болады. «*Асау*» сөзі «*ет*» сөзімен тіркесіп, ет асау және ет асату түрінде қолданады. Бұл мақалдағы «*асау*» сөзі екі сөзімен тіркесіп, көп олжаға ие болады деген мәнде жұмсалады. Екі тілдегі мақалдың семантикасы ортақ, бір тармақты, бастауышы есімше, баяндауышы болжалды келер шақ формасында жасалған. Синтаксистік құрылымы – жайылма, жай сөйлем.

Тіліміздегі «*Есіктен кірмей жатып төр менікі деме*» деген мақалының моңғол тіліндегі баламасы «*Хойноос ирээд, хот манайх*». Қазақ тіліне аударсақ, «*Кірмей жатып төр менікі деу*». Мақалдың семантикалық негізін ашатын «*төр*» сөзі – үйдің есікке қарама-қарсы жағы, жасы үлкен адамдар, сыйлы қонақтарды отырғызатын құрметті орын. Қазақ халқы үйге кірген адамды бірден «*төрлетіңіз*», «*төрге шығыңыз*» деп қарсы алады. Жөн сұрамай, бірден көрпе төсеп, жастық қойып, төрге отырғызып құрмет көрсетеді, қонақ асын береді. Сондықтан талдап отырған мақалымыз көшпелі халық үшін төрдің маңыздылығын ашады. «*Төр*» сөзі көне түркі тілінен шыққан [9, 474]. Қазақ тіліндегі нұсқасында үйге кірмей жатып, құрмет күтпе дегенді білдіреді. Үйге кірген соң ғана қонақтар өзінің жасына, қоғамдағы орнына, әлеуметтік жағдайына қарай төрден өз орнын алатын болған. Екі тілде де лексикалық құрамы жақын, қазақ тілінде төрге қарама-қарсы орын есік қоса жұмсалған. Бір тармақты, баяндауыштары күрделі, қазақ тілінде бұйрық райдың екінші жағында жасалса, моңғол тілінде бұйрық райдың болымсыз түрінде, екінші жақта жасалған.

Қазақ тіліндегі «*Кәрі боз қартайғанда жорға шығарады*» деген мақалының моңғол тіліндегі баламасы «*Хөгшин азрага жороо сурах*», қазақ тіліндегі аудармасы – «*Жүйрік ат қартайғанда жорға шығар*». Қазақ тіліндегі мақалда «*боз*» сөзі жылқының ақшыл, қылаң түсін білдіреді. Байырғы заманда халқымыз боз жылқыны қонаққа сойған, құрбандыққа шалған, құдайы ретінде садақаға берілетін малдың ақ, қылаң түсті болуын ескерген. Яғни, мұндай түс киелі саналған. Қасиеттіліктің символы болған. Сондай-ақ, дәстүрлі қазақ ортасында шешен, өмірде көргені мен түйгені мол адамдарды кәрібоз деп құрметтеген. Ал, жорға сөзіне келсек, жорға – адамға жайлы жүрісті жылқы. Жорғаның аяң жорға, үш аяң жорға, тайпалған жорға, су шайқалмас жорға, байпаң жорға, төкпе жорға деген түрлері бар. Аяң жорға аяңдағанда ғана жорғалайтын жылқы, одан тезірек жүрсе жорғасынан жаңылады. Үш аяқ жорға – төрт аяғын тең басып жорғалай алмайтын жылқы. Тайпалған жорға – төрт аяғы тең жорға, Су шайқалмас жорғаның үстінде кесеге құйған қымыз шайқалып, төгілмейді. Байпаң жорғаның жүрісі тыныш, бірақ басқа жылқының жүрісіне ілесе алмайды. Төкпе жорға – еш уақытта жорғасынан жаңылмайтын жылқы. Мұның жорғалаған жүрісіне басқа жылқы шауып әрең ілеседі. Мұндай жылқыны, әдетте, жорға жарысына

қосады. Жарысқа қосатын жорғаны бәйге атындай баптап жаратады. Демек, ерекше жаратылған, сыйлы жануар екені байқалады. Адамға қатысты мақалды зерделейтін болсақ, ерекше жаратылған жан, қартайса да басқалардан шоқтығы биік, өресі кең екендігі байқалып тұратыны айтылған. Моңғол тіліндегі нұсқасында *жүйрік ат* тіркесі қолданылған. Жаратылысы ерекше деген мәнді білдіреді. Алайда, қазақ тіліндегі *кәрі боз* сөзімен салыстырғанда мәдени колориті жұтаң. Қазақ және моңғол тіліндегі мақалдардың семантикасы ортақ, лексикалық құрамында өзгешелік байқалады. Ал, синтаксистік құрылымы ұқсас болатынының байқауға болады.

ТАЛҚЫЛАУ

Тілдік бірліктердің бір тілден екінші тілге ауысып, кірме сөздер ретінде танылуы сияқты мақал-мәтелдер де көршілес тілден екінші бір тілге ауысуда сол тілге негізделіп қабылдауы немесе дайын үлгі бойынша жасалуы заңды құбылыс. Талдау нысаны ретінде қазақ және түрік, қазақ және моңғол тілдеріндегі мақалдар талданды. Қазақ, түрік тілдеріндегі мақалдар салыстырмалы аспектіде зерделеніп, олардың генеалогиялық және типологиялық жағынан туыстығын сипаттайтын белгілері анықталды. Туыс тілдердің мақал-мәтелдерінің лексикалық құрамында түркі тілдеріне ортақ сөздер кездеседі. Олар – адамзат және ғаламзат атаулары, қимыл атаулары, сын-сапа атаулары. Әрі екі тілдегі мақал-мәтелдердің семантикасы ашылып, ішкі формасы негізінде сараланды. Сонымен қатар, мақал-мәтелдердің синтаксистік құрылымы жағынан ортақ белгілері ретінде салыстырылып отырған мақалдардың тармақ сәйкестігі байқалды. Екі тілде де мақалдардың баяндауыштарының жасалуы ұқсас болатыны сараланды. Көбінесе болжалды келер шақтың болымды, болымсыз түрінде, шартты рай және бұйрық рай тұлғасында жасалатыны анықталды. Салыстырылған тілдерде мақал-мәтелдер құрылымындағы кейбір сөздердің үнемдеу құбылысына ұшырағаны байқалып, қазақ және түрік халықтарының дүниетанымындағы рухани құндылықтары мақал мәтінін талдау барысында ашылды. Мысалы, олар – көрші, дос және ас, бөз ұғымдары. Бұл туыс халықтардың тілдік деректерде көрініс тапқан өзіндік ерекшелігінің айғағы. Отырықшы түрік қоғамы мен көшпелі қазақ қоғамындағы таным ерекшелігі салыстырылып, мәдени мазмұны ашылды. Кейбір мақал-мәтелдердің лексикалық құрамындағы ерекшеліктер халықтың тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығы мен дүниетаным өзгешеліктерінен туады.

Сондай-ақ қазақ және моңғол тілдеріндегі мақал-мәтелдер салғастырыла зерттелді. Қазақ және моңғол халықтары – ғасырлар бойы қатар өмір сүрген, шаруашылығы ортақ, көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын халықтар болғандықтан әрі екі халықтың тілінде кездесетін тілдік деректердің өзіндік ерекшеліктері мен ортақ белгілерін анықтау барысында бірқатар мақалдар екі тілге ортақ екендігі, яғни екі тілдегі біраз лексемалардың ортақтығы анықталды. Мысалы, нағашы, қол, жаңа т.б. сөздер. Аталған сөздердің моңғол тіліндегі нұсқасында дыбыстық құрамында өзгешелік болғанымен, жақындығы бірден аңғарылады. Қазақ және моңғол тіліндегі мақалдардың семантикасы ортақ, лексикалық құрамында өзгешелік байқалып, синтаксистік құрылымы ұқсас болатыны анықталды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде, жоғарыда келтірілген талдауымыздан үш халықтың мақал-мәтелдері кейде құрылысы жағынан да, мағынасы жағынан да бірдей, кейде бір-бірінің тікелей аудармасы болып келетінін байқадық. Кейде 3 тілдегі мақал-мәтелдер тақырыптық-мағыналық жақтан ғана ұқсас, ал құрылымдық жағынан басқаша болып келеді. Мақал-мәтелдердің аталған халықтарда тұлғалық, мағыналық әрі лексикалық жағынан ұқсас болып келуі – үш халықтың экономикалық және шаруашылық жағдайлары, өмірлік мақсат-мұраттары мен адамгершілік қасиеттерге, жақсылық пен жамандыққа деген

көзқарастарының ұқсас болуы. Ойлау жүйесі адам баласына ортақ болғандықтан, олардың тұжырымдары да ортақ болуы заңды.

Ал, қазақ және түрік халықтарына ортақ мақал-мәтелдердің көптігіне жоғарыда берілген мысалдар айғақ бола алады. Екі тілдегі кейбір мақал-мәтелдердің дәл баламаларының болуымен қатар, кейбір мақал-мәтелдердің құрамындағы сөздердің ауысып келетіндігі де байқалды. Мұндай ерекшеліктердің болуы табиғи құбылыс деп қабылдау керек. Бұл ерекшеліктер мен ұқсастықтар туыстас түркі халықтарының ғасырлар бойы бір-бірінен жырақта қалып, қоян-қолтық араласпауының салдарынан болады. Алайда, екі халыққа ортақ мақал-мәтелдерге қарап, қазақ және түрік халықтарының түбі бір екеніне көз жеткізуге болады.

Жоғарыдағы мысалдардан қазақ және моңғол халықтары үшін ортақ мақал-мәтелдердің болуы – «қазақ пен монғол халқы табиғатпен біртұтас, онсыз олардың өмірі жоқ. Бұл еуропалықтарға ұқсамайтын ерекше дүниетаным» [12, 89]. Көптеген ғасырлар бойы көшпелі өмір салтын ұстанған екі халық та Еуразияның көшпелі мәдениетінің соңғы өкілдері. Олардың негізгі кәсібі – мал шаруашылығы. Ежелден атқа мініп, ұлан-байтақ далада еркін өскен көшпенділерге табиғаттың өзі тек мақал-мәтелдерді ғана емес, жалпы алғанда, бір нәрсенің басты белгілерін терең мазмұнмен, көркем оймен дәл беретін ауызша халық шығармашылығын құрау қабілетін дарытқан.

Ойымызды қорыта айтсақ, мақал-мәтел әртүрлі халықтардың өмірін, тұрмыс-салты мен тіршілік ету сипатын, ғасырлар бойғы кәсіптері мен өмір сүрген ортасын танытып қана қоймай, сол халықтардың әдет-ғұрпы, мәдениеті мен өсу, өркендеу деңгейіндегі айырмашылықтары мен ұқсастықтарын да көрсететін құнды дереккөз болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қайдар, Ә. Халық даналығы. – Алматы: Толғанай, 2004. – 560 б.
- 2 Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1974. – 318 б.
- 3 Нұрышов С.Н. Қазақтың халық мақалдарының даму тарихынан. Алматы: Қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1959. – 318 б.
- 4 Досмұхамедұлы, Х. Таңдамалы. – Алматы: Өлке, 2003. – 240 б.
- 5 Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері. – Алматы, 1988. – 200 б.
- 6 Пермяков Г. Основы структурной паремиологии. – Москва: Наука, 1988. – 235 с.
- 7 Шаңырақ: Үй-тұрмыстық энциклопедиясы. Алматы: Қаз.Сов.энцикл.Бас ред., 1990.
- 8 «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 4-том. Ж-К – 720 б.
- 9 «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 8-том. С-У – 704 б.
- 10 Omer Asım Aksoy. Atasözlerive Deyimleri. – İstanbul: «İnkilap» 1988. – 227 s.
- 11 Улыкпан К. Монгол-казах зүйр цэцэн үг = Монғол-қазақ мақалдары – Улаанбаатар, «Отандастар» қауымдастығы. 2017. – 136 б.
- 12 Наваанзоч Х. Цэдэв. Культурная константа «Родина» у кочевников-монголов и казахов. Үлкен Алтай әлемі – Мир Большого Алтая – World of Great Altay 1(1) 2015, 89 б.

Материал 27.06.2023 баспаға түсті

REFERENCES

- 1 Kaidar, A. Folk wisdom. - Almaty: Tolganai, 2004. - 560 p.
- 2 Gabdullin M. Oral literature of the Kazakh people. - Almaty: School, 1974. - 318 p.
- 3 Nuryshov S.N. From the history of the development of Kazakh folk proverbs. Almaty: Kazakh State Literary Publishing House, 1959. - 318 p.
- 4 Dosmukhameduly, Kh. Optional. - Almaty: Ulke, 2003. - 240 p.
- 5 Problems of historical lexicology of the Kazakh language. - Almaty, 1988. - 200 p.

- 6 Permyakov G. Fundamentals of structural paremiology. - Moscow: Nauka, 1988. - 235 p.
- 7 Shanyrak: Household encyclopedia. Almaty: Kaz.Soviet encyclopedia.General editor., 1990.
- 8 «Kazakhstan»: National encyclopedia / Chief editor A. Nysanbayev - Almaty «Kazakh encyclopedia» General editor, 1998. - Volume 4. Z-K - 720 p.
- 9 «Kazakhstan»: National encyclopedia / Chief editor A. Nysanbayev - Almaty "Kazakh encyclopedia" General editor, 1998. - Volume 8. S-U - 704 p.
- 10 Omer Asim Aksoy. Proverbs and Idioms. – Istanbul: «İnkilap» 1988. – 227 p.
- 11 11. Ulykpan K. Mongolian-Kazakh proverb = Mongolian-Kazakh proverb - Ulaanbaatar, "Otandastar" association. 2017. – 136 p.
- 12 Navaanzoch H. Tsedev. Cultural constant "Motherland" among nomads - Mongols and Kazakhs. – World of Great Altay 1(1) 2015, 89 p.

Лингвистическая характеристика пословиц в казахском, турецком и монгольском языках

М.А. Ермекбаева¹, К.К. Кенжалин¹

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Астана, 010000, Республика Казахстан

В статье проанализированы пословицы и поговорки на казахском, турецком и монгольском языках. В ходе изучения казахско-турецких пословиц и поговорок выявлены признаки, характеризующие генеалогическое и типологическое родство. Проанализированы общие черты пословиц и поговорок родственных языков по лексическому составу, семантике и синтаксической структуре. Было установлено, что пословицы бывают одно-, двусмысленные, сказуемое образуется в форме повелительного, условного наклонения, предполагаемого будущего времени глагола. Семантика пословиц на трех языках рассматривалась на основе фактических языковых данных как лингвокультурный комментарий. В раскрытии сходства и особенностей казахско-турецких, казахско-монгольских пословиц выявлены общие для двух языков пословицы, лексический состав и синтаксическая структура схожи, а также проанализированы пословицы, имеющие различный лексический состав и различную семантику.

Ключевые слова: пословица, паремия, лексический состав, семантика, синтаксическая структура, строка, параллель.

Материал поступил в редакцию журнала 27.06.2023

Linguistic characteristics of proverbs in kazakh, turkish and mongolian languages

М.А. Yermekbayeva¹ К.К. Kenzhalin¹

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, 010000, Republic of Kazakhstan

The article analyzes proverbs and sayings in the Kazakh, Turkish and Mongolian languages. In the course of studying the Kazakh-Turkish proverbs and sayings, the signs characterizing the genealogical and typological relationship were revealed. The article analyzes the common features of proverbs and sayings of related languages in terms of lexical composition, semantics and syntactic structure. It was found out that proverbs may have one, or several meanings. The predicate is a form of imperative or conditional mood, the assumed future tense of the verb. The semantics of proverbs in the three languages was considered on the basis of actual language data as a linguistic and cultural commentary. In revealing the similarities of Kazakh-Turkish, Kazakh-Mongolian proverbs there were found proverbs common to the both languages. Common lexical composition and syntactic structure have been revealed.

Key words: proverb, paremia, lexical composition, semantics, syntactic structure, line, parallel

Received: 27.06.2023